

## "NC Engineering" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2024 жылғы 11 қыркүйектегі № 241 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, 2022 жылдың 23 қыркүйектегі №18444-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензиясына сәйкес, "NC Engineering" ЖШС-нің 07.08.2024 жылғы № ЗТ-2024-04945918 өтініші негізінде, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, "NC Engineering" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Қарқаралы ауданы, Абай ауылдық округі жерінде пайдалы қатты қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, жалпы көлемі - 8353,13 га; меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймай, 2028 жылдың 23 қыркүйекке дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Жер пайдаланушы- "NC Engineering" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ( келісім бойынша) жер пайдаланушыларға және жер учаскесінің иелеріне толық көлемде шығындарын өтеуді қамтамасыз етсін, шығын көлемі және олардың өтемақысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарқаралы ауданының әкімі*

*Ә.Арғынов*